

Ерімбетова А.Х.¹, Абдрахманова Ж.Ә.²,

¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің доценті, ф. ғ .к.,

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, ф. ғ .к.,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: ayim_e@mail.ru; zhaz_abd@mail.ru.

**ДЫБЫС СӘЙКЕСТІКТЕРІНІҢ
ПАЙДА БОЛУЫНА ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАР**

Мақалада тілдің даму тарихының белгілі бір кезеңінде пайда болған дыбыстар сәйкестігінің тілдегі болмысының сан алуандығы қарастырылады. Осы қасиетіне байланысты оның атқаратын қызметі де тілдің белгілі бір салаларына телінулі. Дыбыстар сәйкестігі белгілі бір кезеңнің жемісі ғана емес, ол өзіне дейінгі қолданылып келген белгілі бір тілдің заңды жалғасы бола отырып, келесі бір кезеңге өзі өмір сүрген уақыттың айырмашылығы ретінде беріліп отыратын жалпы тілдің дамуымен байланысты болады. Осындай күрделі тарихты басынан өткере отырып біздің дәуірімізге дейін жеткен дыбыстар сәйкестігін бір кезеңнің құбылысы ретінде қарастыруға болмайды.

Түйін сөздер: дыбыстар сәйкестігі, болмысы, құбылыс, қасиеті, сала, уақыт айырмашылығы, тілдің дамуы.

Erimbetova A.Kh.¹, Abdrakhmanova Zh.A.²,

¹Candidate of Philological Science, A/Professor of Kazakh State Women Pedagogical University,

²Candidate of Philological Science, A/Professor of Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: ayim_e@mail.ru; zhaz_abd@mail.ru

Factors affecting the occurrence of sound matching

The article deals with the diversity of speech being in accordance with the sounds that have arisen in a certain period of the history of language development. In this regard, its functions also relate to certain areas of the language. Sound matching is not only a work of a certain period, but also a General continuation of a certain language that was used before, as well as the development of a common language that is presented as a time difference of the next era. It is not necessary to consider correspondence of the sounds which have reached our times as the phenomenon of one period.

Key words: correspondence of the sounds, being, phenomenon, property, region, difference in time, language development.

Ерімбетова А.Х.¹, Абдрахманова Ж.А.²,

¹к. ф .н. доцент Казахского государственного женского педагогического университета,

²к. ф.н., доцент Казахского национального университета им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: ayim_e@mail.ru; zhaz_abd@mail.ru.

Факторы, влияющие на возникновение звуковых соответствий

В статье рассматривается многообразие речевого бытия в соответствии со звуками, возникшими в определенный период истории развития языка. В связи с этим, его функции также относятся к определенным сферам языка. Согласование звука – это не только произведение определенного периода, но и общее продолжение определенного языка, который использовался ранее, а также развитие общего языка, который представлен как разница во времени следующей эпохи. Не следует рассматривать соответствия звуков, дошедших до наших времен, как явление одного периода.

Ключевые слова: соответствие звуков, бытие, явление, свойство, область, различие во времени, развитие языка.

Кіріспе

Тілдің даму тарихының белгілі бір кезеңінде пайда болған дыбыстар сәйкестігінің тілдегі болмысы сан алуан. Осы қасиетіне байланысты оның атқаратын қызметі де тілдің белгілі бір салаларына телінулі. Дыбыстар сәйкестігі белгілі бір кезеңнің жемісі ғана емес. Ол өзіне дейінгі қолданылып келген белгілі бір тілдің заңды жалғасы бола отырып, сол халық тілінің ерекшелігі ретінде көрініс тауып, өзі өмір сүріп отырған дәуірде белгілі бір тілдік аяда қызмет атқара отырып, келесі бір кезеңге өзі өмір сүрген уақыттың айырмашылығы ретінде беріліп отыратын жалпы тілдің дамуымен байланысты болады. Осындай күрделі тарихты басынан өткеріп отырып біздің дәуірімізге дейін жеткен дыбыстар сәйкестігін бір кезеңнің құбылысы ретінде қарастыруға болмайды.

Қазіргі қазақ тіліндегі дыбыстар сәйкестігінің табиғатын тереңдей тану үшін барлық түркі тілдеріндегі салыстырмалы-фонетикалық зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, одан да арғы алтай дәуірінің тілдік жүйесі туралы пікірлерді ескереміз. Сонымен қатар жалпы тілдің пайда болуы мен дамуы туралы ғалымдардың айтқан пікірлерінің де дыбыс сәйкестіктерінің табиғатын танытуда маңызы зор.

Тілдің фонетикалық жүйесін құрайтын дыбыстық өзгерістердің пайда болуына байланысты айтылған пікірлердің дыбыстар сәйкестігіне де қатысы бар болғандықтан, біз енді тіл білімінің барлық салаларына қатысы бар дыбыстардың сәйкесуіне себепші болған дыбыстардың жаңа сапаға, қасиетке ие болуына итермелеген жалпы адамзаттың дамуына әсер етуші факторларға тоқталғанды жөн көрдік.

Фонетикалық құбылыстардың тілдегі өзгерісін, тіл дыбыстарының жаңа сапаға ие болуын тарихи тұрғыдан қарастырғанда сөйлеу органдарына тікелей қатысты. Тіл білімінде сөйлеу органдарының дыбыс жасаудағы қызметінің көмейден ерінге, ауыздың төменгі жағынан жоғары жағына қарай жылысуы сияқты заңдылыққа негізделетіні туралы пікірлер бар. Айталық, белгілі ғалым Бодуэн де Куртенэ оның негізгі себебі ретінде тіл дыбыстарының айтаудағы үйлесімділікке, әуезділікке ұмтылуын айтады да, адам ақыл-ойының тілдік қолданыстағы мынандай үш бағытын көрсетеді:

«1. Орталықтан сыртқа қарай, фонация (сөйлеу); 2. Сырттан орталыққа қарай, аудиция (тыңдау); 3. Ми орталығындағы ақыл-ой қозғалысы, церебрация» (ойлау) Boduen

de Kurtene, 1963:208). Ғалым ықшамдалу принципін сөйлеу дағдысымен қатар, ақыл-ой қызметімен де тікелей байланысты физиологиялық құбылыс екеніне ерекше тоқталады. Ол ықшамдауды тіл дамуының жалпы себептерін тудыратын үйлесімділікке ұмтылумен сабақтастырады. Тілдің дамуына тікелей ықпал ететін үйлесімділікке ұмтылу заңдылығын былайша сипаттайды: «Дыбыстар мен дыбыс сәйкестігінің ең қиыннан жеңілдеуіне қарай бейімделуінде бұлшық ет пен жүйке қызметі жеңілденуіне күш салу; ықшам формаға бейімделу; нақтылықтан абстрактілікке өтуде ойдың дерексіздігінен арылут.б.» (Boduen de Kurtene, 1963: 212). Шынында да, ойды нақты түрде тіл арқылы беруде сөйлеу аппараттарына көп күш түсірмей, сөйлеуге аз энергия шығындай отырып іске асыру принципі дыбыстардың жаңа сапаға ие болуына ықпал етті. Осы принциптен туындайтын ықшамдалу қызметінің негізгі себептерінің бірі сөйлеу мүшелерін, нерв жүйелерін қозғалысқа келтіретін бұлшық ет қызметін үнемдеу болып табылатын психофизиологиялық фактор деген ғалымның пікіріне қосыламыз.

Е.Д. Поливанов фонациялық үнемдеу жайында оның абсолютті емес екенін, сөйлеудің барлық жағдайына шартты болмай-ақ, солай бола тұра ол фонациялық қызметтің нағыз белгісі екенін, ал бұл үшін тілдің эволюциялық факторлары өте маңызды болатынын айтады. Тілші конвергенцияның мутациялық сипатын мойындай отырып, тарихи фонетикалық өзгерістердің ірі категорияларына мутациялық өзгерістерді де жатқызады (Polivanov, 1963: 90).

Е.Д. Поливанов ықшамдалу принципі мәселелерін тілдің лексика, фонетика, орфоэпия, грамматика, графика салаларында қарастырып, оны қысқарумен (сөз тудырудағы жаңа тәсіл ретінде танылатын қысқарған сөздер) байланыстырады. Ықшамдалу принципін негізін ғалым әлеуметтік (адамға тән жалқаулық), психофизиологиялық (мүмкіндігінше дыбыс жасаушы органдар қызметін қысқарту, мысалы, ауыз, ерін т.б. қозғалысы) факторларда жатқандығын көрсетеді (Polivanov, 1963: 113). Әрине, ықшамдалу заңдылығының жаңа сөздің жасалуына қатысы қазіргі тіл білімінде тереңдей зерттелу үстінде.

Ықшамдалу принципі В.А. Богородицкий зерттеулеріне де өзек болады. Ол фонация, аудиция және церебрация процестері кезінде тез сөйлеу арқылы энергияны үнемдеуге болатынын айтады. Тілдік өзгерістердегі мәнерліліктің

маңызына ерекше көңіл бөле отырып, тілдегі ықшамдалу принципіне қарамастан мәнерлеп сөйлеу тілдегі ерекше формалардың сақталуына, тілдегі біркелкілікке қызмет ететіндігін атап өтеді (Bogoroditskiy, 1922: 14).

Туркологияда сөздердің ықшамдалуы дыбыстардың түсірілуі арқылы іске асатындығы туралы пікірлерді В. Радлов, А. Самойлович, Н. Ашмарин, Ж. Дени, И. Катанов, Н. Дмитриев, А. Кононов, В. Котвич, Г. Севортян т.б. ғалымдар еңбектерінен кездестіреміз. Қазақ тіл білімінде бұл мәселе жөнінде Р. Әміров, Н. Оралбаева, С. Бизақов, Б. Сағындықұлы, З. Әбілова, Г. Айғабылова т.б. ғалымдардың еңбектерінде сөз болады.

Дыбыстардың тарихи өзгеруіне себеп болатын үнемдеу факторы туралы А. Щербак: «В развитии же фонологической системы трудно уловить тенденцию в экономии; напротив, некоторые изменения состава фонологических оппозиций или их преобразования приводят к «излишнему» усложнению ее» – дейді. Ғалым фонетикалық өзгерістер мен ұрпақ ауысуының, географиялық, климаттық жағдайдың өзгеруінің арасында ешқандай байланыстың болмайтындығын көрсетеді (Scherbak, 1970: 189).

Эксперимент

Жалпы адамзат баласы тіліне тән қасиет – сөйлеуге кететін күшті барынша аз жұмсауға ұмтылу. Сөзді айтуға кететін физикалық қуатты үнемдеп жұмсауға барлық тілдің мүмкіндігі бар. Дүние жүзі тілдерінің ішінде түркі тілдерінде дауыссыз дыбыстардың өзгерістері түрліше таралуы бұл құбылыстың тек үнемдеу заңымен ғана байланысты емес, сонымен қатар ықшамдалу мәселесінің халықтың этногенезі мен глоттогенезіне тікелей қатысты бола отырып, тілде заңдылық ретінде қалыптасқандығын көрсетеді.

Тілдің белгілі бір тарихи кезеңдерден өтуіне байланысты тілші И.А. Бодуэн де Куртенэ былай дейді: «переход от языкового состояния животного и человека к языковому состоянию человека состоял в общем выходе звукопроизводительной деятельности из полости гортан и полость рта и в появлении настоящей членораздельности (артикулированности) произношения. ... Первоначальное очеловечение языка состояло в выходе главной массы произносительной деятельности из полости гортан и в полости рта». Сонымен қатар ғалым еңбегінде тілге қатысты әлеуметтік факторларды көрсете отырып, үнгір

адамдарының иек – тіл бұлшық еттері өте әлсіз болғандықтан алғашқы адамдар тіл алды дыбыстарын айтуға қабілетсіз, тек тіл арты дыбыстарын айту мүмкіндігіне ие болғандығы туралы пікір айтады (Boduen de Kurtene, 2000: 60). Осы пікірге сүйене отырып, тіл алды дыбыстарының адамзаттың биологиялық, физиологиялық дамуы негізінде олардың артикуляциялық мүмкіндіктерінің жетілуіне байланысты қалыптасқан деген тұжырымға келеміз. Мұндай физиологиялық үдерістер ұзақ мерзімді қамтиды. Ал тіл арты дыбыстарының тіл алды, тіл ортасы дыбыстарына өзгеру үдерісі тілдің бүкіл жүйесіне әсер етеді. Сондықтан сөз мағынасының өзгеруі, жіктелуі, саралануы, жана сөздердің жасалуы арқылы жүзеге асатын тілдің даму процесі адам миының физиологиялық жағынан дамуымен және психологиялық, логикалық, танымдық жетілу үдерісімен бірге жүреді. Осындай жалпы адамзаттың дамуына тән процестердің негізінде тілдің фонологиялық-морфологиялық-семантикалық дамуыда жүзеге асады.

Тіл арты дауыссыздарының тіл ортасы және ерінге қарай жылжуын тілші И.Бодуэн де Куртенэ ауыз қуысындағы дыбысталу қызметінің ең бір қуатты факторы болып табылатындығын айтады (Boduen de Kurtene, 1963: 126). Ал сөз ортасында (дауыстылар арасында), сөз соңында қатаң дауыссыздар үлкен өзгерістерге ұшырап, дыбыстардың іргелілеу процесінің түркі тілдеріне қатысы жайлы пікірлерді Л.Н. Харитоновтың еңбектерінен де кездестіреміз (Kharitonov, 1954: 55).

Басқа да тіршілік иесіне тән пайда болу, өсу, өрбіп-өну, өлу сияқты биологиялық қасиет тілге де тән болғандықтан, түркі халықтарына ортақ болған баба тілдің де өзіне тән дамукезеңдері болғаны баршаға аян. Мыңдаған жылдарды қамтитын ұзақ мерзімдік даму барысында баба тілден бөлініп шыққан тайпалық говорлардың жеке тіл болып қалыптасуы да бір мерзімде болған жоқ. Дүниедегі алуан түрлі объективті, субъективті себептермен тығыз байланыста дамитын кез келген тіл сол тілде сөйлеуші халықтың қалыптасуымен де тікелей қатысты. Сондықтан туыс тілдердің туыстастығы қаншалықты дәрежеде екенін ажыратуда тарихи дыбыс өзгерістерін, соның ішінде сәйкестіктерді негізгі айырым белгі ретінде алуға болады. Синхронды тұрғыдан қарағанда жекелеген бір тілдің ішінде дыбыстардың сәйкесуіне артикуляциялық-акустикалық ықпал анық көрінбегенімен, тарихи тұрғыдан алып қарағанда адам физиологиясының жетілуіне

орай жүретін артикуляциялық дамудың белгілері анық байқалады.

Сондықтан дыбыс сәйкестіктерінің пайда болу негізі адамзаттың артикуляциялық мүмкіндіктерінің дамуымен тікелей байланысты болып табылады. Ал, фонетикалық заңдылыққа негіз болатын артикуляциялық өзгерістердің фоно-морфо-семантикалық сипат алуы әрбір тілдің ішкі жүйесінің қалыптасуына жағдай жасайды. Бұдан әрі тілдің өзінің заңдылығымен дамуы оның жүйесіндегі барлық деңгейлерінде өзгерісті тудырады. Осының нәтижесінде белгілі бір сөздердің тұлғалық варианттарының пайда болуы және олардың жаңаша семантикалық мән алуы жүзеге асады. Мұндай параллельдердің бәрі бірдей семантикалық дифференциацияға ұшырауы дыбыс сәйкестіктерінің таза сөзжасаммен астарласфоно-морфо-семантикалық құбылыс екендігін көрсетсе, сонымен қатар дыбыс сәйкестіктерінің жаңа семантикалық мәнге ие болмауы тек фонетикалық өзгеріс екенін көрсетеді.

Тілдің дамуында тарихи кезеңдерді басынан өткеріп келе жатқан дыбыс сәйкестіктері тілдің ішкі заңдылығын құрай отырып, оның барлық деңгейлерінде сақталған. Бұл туралы зерттеуші М. Ескеева былай дейді: «Түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктерінің моносиллабтарда ғана емес диссиллаб, полисиллабтарда да, түбір морфема деңгейінде де кездесуі бұл құбылыстың көне дәуірден бері қолданыста келе жатқан бабатуркілік, орта түркілік тілдердің ыдырауына, қазіргі түркі тілдерінің өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасуына ықпал етуші тілдік үрдістердің бірі екенін көрсетеді» деп жазады (Eskeeva, 2003: 36).

Дүние жүзі халықтары сияқты түркі халықтарының да белгілі бір өзіндік қайталанбас тарихы бар. Сондықтан олардың тілдері де күрделі тарихи дамуды басынан өткізген. Тілге әсер етуші сыртқы факторлар оның жүйесін толық өзгерте алмағанымен, қазіргі кезеңде жеке-жеке ұлт болып табылатын әрбір этностың қалыптасу процесінде үлкен рөл атқарады. Осы процеспен бара-бар жүретін ортақ түркі тілінің ерекше белгілерін білдіретін дыбыстық өзгешеліктер қазіргі жеке-жеке тіл болып қалыптасқан түркі тілдерінде белгілі бір заңдылыққа айналады. Осыған байланысты белгілі ғалым А. Щербак былай дейді: «...Как бы ни был относителен этот источник, как бы ни именовался он – праязыком, языком-основой или пучком изоглосс, – он представляет собой реальную историческую категорию: достоверность дробления языков и образования таким путем языковых семей столь же

несомненно, как и достоверность их взаимодействия, обуславливающего возникновение пространных, или ареальных языковых общностей» (Scherbak, 1970: 15).

Түркі халқы даму барысында бірнеше этностарға ажырайды. Бұл этностар географиялық, мәдени, экономикалық қарым-қатынасының нәтижесінде бір-бірімен араласады. Осыған байланысты негіз тілдің фонетикасында, морфологиясында, семантикасында өзгерістер болады. Оның этностар тілдеріне ыдырауы, өзара қайта тоғысуы, іргелерін қайта ажыратуы, туыстас немесе басқа жүйедегі тілдермен тығыз қарым-қатынаста болуы әр тілдің өзіндік ерекшеліктерін, ішкі заңдылықтарын, өзіне тән сипат-болмысын қалыптастырды. Сондықтан қазіргі түркі тілдері негіз тілдің даму тарихындағы заңды жалғасы болып табылады. Олардың құрамында негіз тілдің фактілері белгілі бір дәрежеде сақталған. Тілдің тарихи дамуында пайда болған заңдылықтардың бірі – дыбыс сәйкестіктері.

Тілдің құрамын өзгертуге себебі тиетін уақыт жағынан ертеректе пайда болған сөздердің тұлғалық жағынан өзгерістері дыбыс сәйкестіктері арқылы да іске асады. Дыбыс сәйкестігі терминімен қатар тілімізде дыбыс алмасуы, дыбыстық өзгерістер деген сияқты фонетикалық құбылыстарды атайтын терминдер де қолданылады. Дыбыс сәйкестігі мен дыбыс алмасуының ерекшеліктерін академик Ә. Қайдаров тіліміздегі бір буынды түбірлерді зерттеу барысында былайша саралайды: «Бір буынды түбірлер мен негіздердің тіларалық варианттары немесе дыбыстық рефлекстері әр тілде өзіндік бейнесі бар және туынды сөздердің құрамында консервантты қолданылады. Олардың пайда болуына дыбыстардың ауысуы немесе сәйкестігі себеп болады. Дыбыстардың ауысуы немесе сәйкестігі дауыстылар арқылы да және дауыссыздар арқылы да іске асады. Соған қарамастан дыбыстардың сәйкестігі олардың ауысуынан принциптері бойынша ажыратылады. Біз дыбыстардың ауысуында белгілі бір фонологиялық факторлардың әсер етуін түсінеміз, ал дыбыстардың сәйкестігінде мұндай факторлар тіпті жоқ, бір буынды түбір-негіздердің құрамында бұл спонтанды түрде болады. Бұл нақты бір түркі тілінің құрылымдық дамуымен анықталады» (Қайдаров, 1986: 74). Бұдан түсінетініміз, дыбыс алмасуы тіліміздегі сингармонизм, ассимиляция, диссимиляция сияқты фонетикалық шарт бойынша өзгерсе, ал дыбыс сәйкестіктері ешқандай фонетикалық ықпалсыз өзгерістерге ұшырайды. Бұл екі

заңдылықты ажыратудың тағы бір принципі – дыбыс алмасуы бір тіл ішінде ғана іске асатын құбылыс болса, ал дыбыс сәйкестігі ұзақ уақытты қамтитындықтан, бір тіл ішінде де, туыстас тілдер арасында да кездесетін заңдылық.

Қазіргі қазақ тіл білімінде дыбыстар сәйкестігі туралы көптеген зерттеулер болғанымен, бүкіл түркілік сипат алған дыбыстар сәйкестігінің бар болмысын танытатын анықтаманы кездестіре алмадық. Ал дыбыстар алмасуына тілші С. Мырзабеков алмасудың (лат. alternation, орысша чередование) – әр түрлі сөзформалардың құрамында кездесетін бір морфеманың бір дыбысының көрші дыбыстың әсерінен басқа дыбысқа ауысуы екенін айтып, оның фонетикалық жағдайдың нәтижесі екенін дәлелдейді (Myrزابekov, 2002: 98). Соңғы жылдардағы тіл білімінің сөздіктерінде алмасуды (ағыл. alternance) альтернациямен барабар» деп көрсетіледі. Ал орыс тіл білімінде дыбыстар сәйкестігі терминіне дәл әрі нақты берілген анықтаманы О.С. Ахманованың сөздігінен табамыз: «Соответствие англ. correspondense, фр. correspondase, нем. entsprechung. Особое соотношение звуков, форм, моделей построения и т.п., обнаруживаемых у отдельных представителей данной языковой семьи, обуславливающее их возведение к общей праформе, модели и т.п. и являющееся основной сравнительно-исторического языкознания. Соответствие лексическое. Соответствие смысловое. Соответствие звуковое (соответствие фонетическое) англ. phoneticcorrespondence. Закономерное соответствие звуков в этимологически тождественных морфемах как эмперическая основа сравнительно-исторического метода, исходящего из регулярности звуковых изменений и устанавливающего первоначальную языковую общность посредством планомерного сопоставления звуковых систем родственных языков (Akhnanova, 1966: 441).

Дыбыстар сәйкестігінің пайда болуына негіз болатын мынандай фонетикалық және физиологиялық құбылыстарды атауға болады: 1) сөзді айтуға, дыбыстауға кететін энергияны үнемдеу; 2) дыбыстауға кететін күшті (қуатты) мейлінше аз жұмсау; 3) үйлесімділікке ұмтылу; 4) әуезділікке ұмтылу; 5) дыбыстардың өзгеруге табиғи бейімділігі; 6) тілдік жүйені жетілдірудің ішкі қажеттілігі; 7) фонемаларды функционалдық сипатына қарай саралау; 8) дыбыстардың артикуляциялық орнын өзгертуі; 9) бір дыбыстық комплекстегі дыбыстардың позициялық жағдайы; 10) өзгеретін дыбыстың

белгілі бір дыбыстардың қоршауында келуі; 11) екпін; 12) әлеуметтік орта; 13) географиялық жағдайдың өзгеруі; 14) тілдердің бір-бірінен ажырасуы; 15) тілдердің бір-бірімен тоғысуы және т.б. Осы аталған кез келген физиологиялық немесе фонетикалық құбылыстар дыбыстардың ауысуына белгілі бір дәрежеде үлес қосады. Аталған құбылыстармен бірге белгілі бір әлеуметтік ортада қалыптасқан дәстүрге бейімделу немесе белгілі бір ұрпақтың келесі бір жаңа кезеңдегі ұрпаққа ауысуы сияқты қоғамдық-әлеуметтік факторлардың тілдің жүйесіне әсер етіп, дыбыстардың өзгеруіне әкеліп соғады (Polivanov, 1963:74).

Нәтиже мен талқы

Дыбыс сәйкестіктерінің тілдегі табиғаты күрделі болғандықтан, фонетика саласында және морфология саласында қарастырылып келеді. Түбірдің құрамындағы сәйкестіктердің бәрі фонетикалық тұрғыдан қарастырылса, қосымша морфема деңгейіндегі сәйкестіктер морфологияның және сөзжасамның объектісі болып танылып келеді. Тілімізде жиі кездесетін мұндай құбылыстарды соңғы кездері фонетика және морфологияның сабақтастыра қарастыратын морфемалардың құбылысын фонологиялық ерекшеліктер арқылы зерттеуге бағытталған морфонология ілімі негізінде қарастыру да өз жемісін беруде. Шындығында, дыбыс сәйкестіктерін әрі фонетикалық, әрі морфологиялық тұрғыдан жан-жақты қарастырғанда ғана оның табиғатын толық танымыз. Дыбыс сәйкестіктерінің жүзеге асуына негіз болатын дыбыстар болғандықтан, оған байланысты құбылыстардың барлығы тілдің даму тарихымен тікелей байланысты болады. Осыған байланысты академик Ә. Қайдаров былай дейді: «Фонетическое факторы, как и другие закономерности языка, носят древний характер. Следовательно, и процессы семантической дифференциаций, связанные с этими закономерностями, уходят корнями в далекое прошлое. Правы в этом отношении те исследователи, которые видят в семантических сдвигах, происходящих в силу фонетических изменений в слове, элементы историзма и реликтовых явлений. Однако это не дает основания для предположения о якобы полном функционировании так называемого фонетического способа образования на более древних этапах исторического развития тюркских языков, предшествовавших периоду их аглютинаций» (Kaydarov, 1985: 263). Шы-

нында да, дыбыс сәйкестіктері – сөз мағынасына әсер ететін тек қана сөзжасамның тәсілі ретінде қарастыруға болмайтын тілдік құбылыс. Дыбыс сәйкестіктері фонетика және морфология салалары жеке-дара түсіндіре алмайтын, таза сөзжасам тәсілі деп айтуға да келмейтін, фонетика, морфология, семантиканың үшеуіне де белгілі бір дәрежеде қатысы бар аралық әрі тіліміздің құрылымдық ерекшеліктерін, тарихи орнын анықтауда елеулі орын алатын құбылыс. Бұл құбылыс тілімізде бір буынды сөздерге қатысты тек жаңа сөз тудыру қабілеті бар дыбыс сәйкестіктері арқылы көрінсе, ал кей жағдайда сөздің тұлғалық өзгеріске түскенімен, мағыналық бірлікте қолданылуы, ал енді бірде мағыналық саралануына да ықпал ететін моносиллабтар және полисиллабтар құрамындағы дыбыс сәйкестіктері арқылы көрініс табады. Соның ішінде біз зерттеу жұмысымызда – қазақ тіліндегі мағыналық өзгерістерді туғызбайтын, бірақ бір сөздің түрліше дыбысталуына негіз болатын дыбыс сәйкестіктерін қарастырамыз. Мысалы тілімізде *палуан-балуан, пал-бал, болат-полат, бәтір-пәтір, нұт-бұт* т.б. деген сияқты сөздер жергілікті ерекшеліктерге байланысты сөз басындағы дыбыстар әдеби тілдегі нормадан ауытқып, екінші бір дыбысқа ауыстырылып қолданылады. Бұл сәйкестіктердің пайда болу себептерін анықтау үшін қазіргі түркі тілдерінің де фактілермен салыстыра қарастырамыз: Мысалы *түбіне бойламай кететін тұңғыық, шыңырау* (Qazaq tilinin tusindirme sozdigi, 1961: 131) мағынасында қолданылған *терең* сөзін *derin*, эзерб. *därin*, башқ. *tärän*, қырғ. *teren*, тат. *tirän*, *teräñ*-глубокий (Drevnetyurkskiy slovar, 1969: 553) түрінде дыбысталса, *көңілдегі көрікті ой, орындалмақ игі арман, ұлы мақсат, мүдде* (Qazaq tilinin tusindirme sozdigi, 1961:409) мағынасында қолданылған тілек сөзі түр. *dilek*, аз. *dilak*, башқ. *tiläk*, қырғ. *tilek*, өзб. *tiläk*, тат. *tiläk*, түрікм. *dileg*; ұйғ. *tiläk, tiläk* – желание, пожелание (Drevnetyurkskiy slovar, 1969: 560) болып дыбысталады. Сол сияқты *тамақты, шөпті шайнауға немесе тіспен үзуге бейімделген, ауыз қуысындағы қатар тізілген сүйек мүше*

(Qazaq tilinin tusindirme sozdigi, 1961: 424) мағынасында қолданылған *mic* сөзін түр. *diş*, аз. *diş*, башқ. *tiş*, қырғ. *tiş*, өзб. *tiş*, тат.*tiş*, түрікм. *diş*, ұйғ. *tiş, tiş*-зуб (Drevnetyurkskiy slovar, 1969: 563) түрінде дыбыстық өзгерістермен дыбысталады. Келтірілген тілдік фактілер дыбыс сәйкестіктерінің сөз семантикасына әсер етпей сыртқы формалық жағын өзгертіп тұрғанын көрсетеді.

Түркі тілдерін зерттеу барысында дыбыс сәйкестіктері ерекше маңызға ие. Осыған байланысты академик Ф.Корш қазіргі түркі тілдерін генеалогиялық жағынан топтастыру барысында ашық дауыстылардан кейінгі ғ/г және у дыбыстарының альтернативасы (тау~тағ) мен сөз ортасында немесе сөз соңындағы ғ/г дыбыстарының қолданылуы, қолданылмауы заңдылығын басшылыққа алады (Korsch, 1910). Сонымен қатар белгілі түркітанушылар А.Н.Самойлович пен Н.А.Баскаков өздерінің классификацияларында белгілі бір дыбыстар сәйкестігін негізгі критерий етіп алады. Сондықтан тілдің даму барысында пайда болған белгілі бір дыбыстар сәйкестігі қазіргі қазақ және түркі тілдерінде әбден орнығып заңдылыққа айналған.

Қорытынды

Сонымен, тіліміздің фонологиялық жүйесін құрайтын фонема басқа фонемалармен морфема деңгейінде ғана емес, сонымен қатар фонологиялық деңгейде де үндеседі. Сондықтан дыбыстар сәйкестігінің пайда болуына әсер етуші факторлардың бірі ретінде фонемалардың позициялық-комбинаторлық ерекшеліктерін атауға болады. Бұл туралы Н.А.Баскаков түбірге аффикстердің жалғануы кезінде дауыссыздар тоғысып ассимилятивті және диссимилятивті процестер жүретіндігін айтады (Baskakov, 1979).

Қазақ тілінің дамуындағы тарихи ерекшеліктерді танытатын дыбыстар сәйкестігі сөз семантикасының мағыналық дәлдіктерін толық сақтай отырып, туыстас тілдер арасында болатын тарихи өзгерістермен ұласады.

Әдебиеттер

- Бодуэн де Куртенэ. Избранные труды по общему языкознанию. – Москва, 1963. – 228 с.
 Поливанов Е.Д. Факторы фонетической эволюции языка как трудового процесса // Статьи по общему языкознанию. – Москва, 1968. – 116 с.
 Богородицкий В. А. Введение в тюрко-татарское языкознание. Ч. 1. (Общая): о природе языка; физиология и психология речи; типы языков. – Казань: Гос. изд-во ТССР, 1922. – 58 с.

- Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1970. – 240 с.
 Бодуэн де Куртене. Об одной из сторон постепенного человечения языка в области проинощения, в связи с антропологией // Введение в языковедение. Хрестоматия. – Москва, 2000. – 60 с.
 Харитонов Л.Н. Современный якутский язык. Фонетика и морфология. – Якутск, 1954. – 55 с.
 Ескеева М. Тарихи дыбыс өзгерістері. – Астана, 2003. – 184 б.
 Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Наука: Алма-Ата, 1986. – 328 с.
 Мырзабеков С. Қазақ тіліндегі дыбыстар тіркесі. – Алматы, 2002. – 248 б.
 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – Москва, 1966. – 441 с.
 Кайдаров А. Фонетические факторы, приводящие к семантической дифференциации слов в тюркских языках // Тюркские языковедение. Материалы III Всесоюзной тюркологической конференции. – Ташкент, – 1985. – 263-268 с.
 Корш Ф.Е. Классификация турецких языков // Этнографическое обозрение, № 6, СПб., – 1910. – 84-84 с.
 Баскаков Н.А. Историко-типологическая морфология тюркских языков. – Москва, 1979, – 114 с.

References

- Akhmanova O.S. (1966). Slovar lingvisticheskikh terminov. [Dictionary of linguistic terms.] Moskva, 441 s. (In Russian)
 Baskakov N.A. (1979). Istoriko-tipologicheskaya morfologiya tyurkskikh yazykov. [Historical and typological morphology of Turkic languages.] Moskva, 114 s. (In Russian)
 Bogoroditsky V. A. (1922). Vvedeniye v tyurko-tatarskoye yazykoznaniiye. [Introduction to the Turkic-Tatar linguistics.] Kazan: Gos. izd-vo TSSR. 58 s. (In Russian)
 Boduen de Kurtene (1963). Izbrannyye trudy po obshchemu yazykoznaniiyu. [Selected Works on General Linguistics.] Moskva, 228 s. (In Russian)
 Boduen de Kurtene (2000). Ob odnoy iz storon postepennoy chelovecheniya yazyka v oblasti proinosheniya, v svyazi s antropologiyey. [On one of the sides of the gradual humanization of the language in the field of inception, in connection with anthropology.] Moskva, 60 s. (In Russian)
 Eskeeva M. (2003). Tarihi bubyz osgeristeri. [Historical sound changes.] Astana, 184 b. (In Kazakh)
 Kaydarov A.T. (1986). Struktura odnoslozhnykh korney i osnov v kazakhskom yazyke. [The structure of monosyllabic roots and bases in the Kazakh language.] Nauka: Alma-Ata, 328 s. (In Russian)
 Kaydarov A. (1985). Foneticheskoye faktory, privodyashchiye k semanticheskoy differentsiatsii slov v tyurkskikh yazykakh. [Phonetic factors leading to semantic differentiation of words in Turkic languages.] Tashkent, 263-268 s. (In Russian)
 Korsh F.E.(1910). Klassifikatsiya turetskikh yazykov. [Classification of Turkish Languages.] Etnograficheskoye obozreniye. No 6. 84-84 s. (In Russian)
 Myrzabekov S. (2002). Kazak tilindegi dybystar tirkesi. [A combination of sounds in the Kazakh language] Almaty, 248 b. (In Kazakh)
 Polivanov Ye.D. (1968). Faktory foneticheskoy evolyutsiy yazyka kak trudovogo protsesssa. [Factors of phonetic evolution of language as a labor process.] Moskva, 1968. 116 s. (In Russian)
 Kharitonov L.N. (1954). Sovremennyy yakutskiy yazyk. Fonetika i morfologiya. [Modern Yakut language. Phonetics and morphology.] Yakutsk, 55 s. (In Russian)
 Shcherbak A.M. Sravnitel'naya fonetika tyurkskikh yazykov. [Comparative phonetics of Turkic languages.] Leningrad: Nauka, 240 s. (In Russian)